

Aşağıda verilen metni okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

Мен бала кезімде құрылысшы болуды армандадым. Өсе келе ол ойым өзгеріп, басқа мамандықты таңдадым. Менің ұнататын мамандығым басқа екенін білдім. Өйткені мен адамдармен көп араласқанды ұнатамын. Өр түрлі оқиғалар жайлы олардың пікірін, ойын білгім келеді, олармен сұхбаттасқым келеді.

Мен өзімді, қоршаған ортаны, қоғамды жан-жақты білуге тырыстым. Әдебиетке құштарлығым оянды, өлең жаза бастадым. Сөйтіп, мен бала кезімде армандаған құрылысшы мамандығынан гөрі, журналист мамандығының жаныма жақын екендігін түсіндім. Мен мектепте қабырға газетін шығаруға қатысып, түрлі мерекелерге арнап сценарийлер жазамын. Біздің мектепте “Өзгеріс” атты екі тілде газет шығарылады, мен — бас редакторымын. Біз бұл газетте мектебіміздің күнделікті өмірі, болып жатқан жаңалықтар туралы жазамыз. Мектеп бітірген соң Астана қаласындағы Еуразия университетінің журналистика факультетіне оқуға түспекпін. Қоғамда ақпарат өкілдерін “төртінші билік” деген

көзқарас бар. Меніңше, ол қоғамда болып жатқан оқиғаларға өзінің пікірін білдіруге және соны қорғауға күші мен құқығы бар мамандықтардың бірі.